ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 қазан №5265-23-00-2/2146 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.М.Конысбаева,
сот отырысының хатшысы Н.М.Жаулыбайдың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Томирис» - Данбаева Улбосын Раймбековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап коюшының өкілі Абдиева Н.А.
жауапкердін өкілі Таниркулов А.А.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 18 мамырында тараптар арасында № 062-23 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарты түзілген (әрі қарай – шарт).

Шарттың 1-қосымшасына сай, жауапкер жалпы сомасы 1 317 120 теңгеге 56 дана комбинезон 2023 жылғы 21 шілдесіне дейін міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкерге шартқа сәйкес, өзінің міндеттерін орындамады деген негізбен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 19.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 21.11.2023, судья Конысбаева Д. М., 21.11.2023
5265-23-3-1/2380

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюшының мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану талабымен келіспейтінін айтты.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1) Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 18 мамыр № 062-23 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде тауар жеткізбеген.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2) АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Сондықтан сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына тауар жеткізбегені үшін 25 күнге есептелген 32 925 теңге мөлшерінде тұрақсыздық өндірілуге жатады деп санайды (1 317 120*0,1%*25).

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 2 712 теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 19.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 21.11.2023, судья Конысбаева Д. М., 21.11.2023
5265-23-3-1/2380

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Томирис» - Данбаева Улбосын Раймбековна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Томирис» - Данбаева Улбосын Раймбековнадан мемлекеттің пайдасына 32 925 (отыз екі мың тоғыз жүз жиырма бес) теңге тұрақсыздық, 2 712 (екі мың жеті жүз он екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 19.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.11.2023, судья Конысбаева Д. М., 21.11.2023

5265-23-3-1/2380